

Дарбаза ауылдық округі Құрысай ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігі Дарбаза ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 49 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 қарашада N 14-11-152 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Дарбаза ауылдық округі Құрысай ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Дарбаза ауылдық округі Құрысай ауылындағы атауы жоқ көшеге «Ынтымақ» атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды ауылдық округі әкімінің орынбасары Б. Даржановаға жүктелсін.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Дарбаза ауылдық округ әкімі: *Е.Алимбаев*